Аңдатпа
«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясы
Муйденова Алия Калжановна
Тақырыбы: «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі»

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Жұмыста шетелдік элементпен күрделенген азаматтық істерді соттармен қарауды нормативтік құқықтық негіздері мен іс жүргізудің қағидаттары, шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша ҚР соттарының құзіреті, істер бойынша талап қоюдағы, сот талқылауына қарауға дайындау мен істі қараудың қолданыстағы заңнамаға сәйкес жағдайы, олар бойынша шығарылатын шешімдер мен оны орындауға енгізудің ерекше сипаты, шетелдік және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық процестік әрекетке қабылеттілігін айқындау және де шетелдік заңды тұлғалардың, халықаралық ұйымдардың, шет мемлекеттердің құқық қабылеттілігін анықтауда туындайтын мәселелер, шетелдік соттардың (шетелдік төреліктердің) шешімдерін (төреліктерін) тану мен орындаудың өзгешелігі, сондай-ақ шетелдік ұйымдар тарапынан берілген құжаттардың дұрыстығын тексерудің тәжірибесіндегі мәселелер зерттелген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі соңғы уақытта интеграцияланған нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасында шетелдік тұлғалардың қатысуымен мүліктік, отбасы, сауда, инвестициялық, өзге де шарттық, іскерлік қатынастардың көбеюімен айқындалған. Бұл соңғы уақытта халықаралық қатынастардың жылдам дамуымен, сондай-ақ еліміздегі әлеуметтік-экономикалық белсенділіктің жоғары көрсеткіштерімен байланысты. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың елге келу санының артуы олармен мүліктік, отбасылық және өзге де шарттық-іскерлік қарым-қатынастардың өсуін көрсетеді. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізуде қаралатын мәселелердің көпшілігі жоғарыда атап өткен неке-отбасы қатынастарынан басқа, мүліктік, тасымал-логистикалық шарттардан туындайтын талаптар.

Шетелдік тұлғалардың еліміздің халықаралық экономикалық өміріне, миграциялық процестеріне, ҚР азаматтарымен кәсіпкерлік, жер, неке т.б. қатынастарға қатысуы олардың сот жүйесімен жанасатынын білдіреді. Тиісінше азаматтық құқықтық (мүліктік және жеке мүліктік емес) қатынастар шетелдік элементтермен қиындаса, сот өндірісі де әртүрлі сипаттағы шетелдік элементтермен шиеленісе түседі.

Тақырыптың өзектілігі еліміз қабылдаған келесідей мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырумен байланысты ашыла түседі. ҚР Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында» құқық үстемдігі әрбір елдің экомноикалық дамуы мен инвестициялық тартымдылығының қажетті іргетасы екені айтылған. Ұлттық даму жоспары соңғы 10 жылда соттардың тәуелсіздігін арттыру мен ашықтығын жүйелеу

мен арттыру бойынша бірқатар шаралар атқарылып келе жатқанын назарға алған. Аталмыш жоспарда құқық үстемдігін нығайту нәтижесінде 2029 жылға World Justice Project құқық үстемдігі индексі бойынша 0,60 мәніне қол жеткізуді көздейді. Бұл өз кезегінде Ұлттық даму жоспарының «Заң үстемдігін қамтамасыз ету және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру» бағытының 1-басымдығын іске асыруды көздейді. 1-басымдық сот төрелігінің сапасын жақсарту мен құқық қорғау органдарын реформалауды жалғастыруды қарастырған. Сот жүйесін дамытудың басты мақсаты ретінде сот ісін жүргізуге кететін уақытты қысқартуды атаған. Осы тұрғыдан шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауда оларды іске қатысатын тұлға ретінде және шетелдік ресми және ресми емес құжаттарды дәлелдеме деп тануда уақытты қысқартудың өзектілігі артады. Бұл азаматтық сот істерінің, соның ішінде шетелдіктердің қатысуымен азаматтық істерді қараудың жылдам қаралуын арттырумен бірге шешімдердің әділдігін қамтамасыз етудің де көкейтестілігін арттырады. Мұндай реформалардың нәтижесінде 2029 жылға азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейін 58%-ға артады деп күтілуде.

Шетелдік тұлғалардың қатысуымен сотта істерді қараудың арнайы ережелері ҚР АПК-нің 57-тарауында қарастырылған. Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық шартта өзгеше көзделмеген жағдайда ҚР АПК-нің 472-бабы 2-тармағына сәйкес шетелдік тұлғалар процестік құқықтарды Қазақстан азаматтары және заңды тұлғаларымен тең пайдаланып, процестік міндеттерді бірдей орындайды. Осыған қарамастан, тәжірибеде аталмыш норма белгілі бір процессуалдық және өзге де әрекеттерді жасау қажеттілігіне байланысты әрдайым орындала бермейді.

Шетелдік тұлғалардың қатысуымен бірінші сатыда азаматтық сот ісін жүргізуде тиісті процессуалдық нормалардың сақталмауы мен бұзылуы, сондай-ақ қажетті процестік әрекеттерді жасамау көбінесе қабылданған шешімдердің күшін жоюға алып келеді. Сондықтан да азаматтық сот өндірісіне шетелдік тұлғалардың қатысуының теориялық және құқықтық негіздеріне, олардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудің ерекшеліктеріне арналған зерттеу жүргізудің өзектілігі туындайды. Зерттеу нәтижелері өз кезегінде азаматтық сот ісін жүргізудің сапасын арттырады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен қаралатын азаматтық сот өндірісі Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін де, сондай-ақ кеңестік билік тарап құрамындағы елдер тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта да өзектілігін жойған емес. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық сот өндірісінің жекелеген мәселелері азаматтық іс жүргізу құқығы және азаматтық құқық ғылымдарының зерттеу тақырыбы болып келген. Отандық және шетелдік ғалымдар шетелдік тұлғалардың қатысуымен қаралатын азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы және жекелеген мәселелерімен айналысқан. Соңғы уақыттарда шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудегі шет мемлекеттердің соттық иммунитеті мәселелерін зерттеп жүрген отандық заңгер-ғалым М.К. Сулейменовтың еңбектерін атап кеткіміз келеді. М.К. Сулейменов өз

зерттеулерінде шет мемлекеттердің соттың иммунитетінің негіздерін зерттей келе, олардың соттық иммунитетінің шектелуінің негіздерін, сондай-ақ бас тартуының негіздерін теориялық тұрғыдан зерттеген. Және де шет мемлекеттердің соттық иммунитетінің бірнеше түрлерін айқындаған. Осыған қарамастан, заңгер-ғалымның еңбектерінде біз зерттеп отырған тақырып толығымен қамтылған дей алмаймыз, себебі ол өзінің зерттеулерінде шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудің бір ғана тұсын талдаған.

Жоғарыдағылардың негізінде осы уақытқа дейін отандық азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында шетелдік тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуының негізгі мәселелеріне кешенді талдау жүргізілмеген деп айта аламыз. Еліміздің қарқынды экономикалық дамуын ескерсек, бұл тақырыпқа жүргізілген зерттеулер деңгейі төмен. Сондықтан шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу терең әрі егжей-тегжейлі ізденуді қажет етеді.

Диссертациялық зерттеудің объектісі шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауда туындайтын азаматтық процестік қатынастар болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің пәні болып Қазақстан Республикасы процестік заңнамасына сәйкес шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауды реттейтін нормалар, оны қолданудың соттық тәжірибесі және де зерттеу тақырыбы бойынша осы уақытқа дейін қалыптасқан ғылыми-теориялық ой-пікірлер болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді сотта қараудың теориялық және тәжірибесін зерттеу, оның тәжірибелік мәселелерін айқындау, оларды талдау, нәтижесінде процестік заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты тәжірибелік ұсыныстар беру болып табылады.

Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін диссертациялық зерттеу жұмысында төмендегідей **міндеттер** алға қойылды:

- шетелдік элементпен күрделенген азаматтық істерді қараудың нормативтік-құқықтық негіздеріне тоқталу;
- шетелдік тұлғалардың қатысуымен сот ісін жүргізуде азаматтық іс жүргізу қағидаттарын айқындау;
- шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының құзіретін қарастыру;
- шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін істердегі талап қоюдың процессуалдық ерекшеліктерін зерделеу;
- тараптары шетелдік тұлғалар болып табылатын істерді сот талқылауына дайындаудағы ерекшеліктерді айқындау;
- азаматтық істерді шетелдік тұлғалардың қатысуымен қарауды талдау;
- шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық істердегі шығарылатын шешімдер және оны орындаудың тәжірибелік мәселелерін зерттеу.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін сот өндірісінің қазіргі заңнамалық қамтыуы мен сот тәжірибесінің сәйкестігін қарастыруда жалпы ғылыми әдістерден талдау мен синтез қолданылса, шетелдік тұлғалардың елімізге келуі, неке-отбасылық қатынастарға түсуі, сондай-ақ инвестициялық ахуал мен сот тәжірибесін сипаттауда жеке ғылыми әдістерден статистикалық әдіс кеңінен пайдаланылды. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудің шетелдік тәжірибесін қарастыруда жеке-құқықтық әдістер, яғни салыстырмалы-құқықтық және формальды-заңды әдістер көбірек қолданылды. Азаматтық сот өндірісінде шетелдік элементтердің қатысуымен, соның ішінде шет мемлекеттердің азаматтық сотқа қатысуын қарастыруда салыстырмалы-құқықтық әдістері пайдаланылды. Атап айтсақ, шет мемлекеттерді азаматтық сот өндірісіне тартуды зерделеуде шет елдердің тәжірибесін қарауда салыстырмалы-құқықтық әдісті пайдалану арқылы зерттелді.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасы. Зерттеу жұмысының нормативтік негізін еліміз ратификациялаған конвенциялар, халықаралық шарттар, ҚР өзге мемлекеттермен құқықтық көмек туралы жасаған екеуара келісімдер, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған ҚР Конституциясы (01 қаңтар 2023 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен), ҚР АПК (16 қаңтар 2026 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен), сонымен қатар осы диссертацияның зерттеу пәнімен байланысты қатынастарды реттеу бөлігіндегі заңдар мен өзге де құқықтық актілер құрады. АҚШ-ның, Еуропа елдерінің (Ұлыбритания, Германия, Франция, Австрия, Болгария т.б.), Түркияның, Бразилияның, Жапония, Қытай т.б. мемлекеттермен жасалған құқықтық көмек туралы шарттарға, сондай-ақ Ресей, Азербайжан, Армения, ОРталық Азия республикаларының азаматтық процессуалдық кодекстеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың бүгінгі жағдайын алғаш рет диссертациялық деңгейде кешенді зерттеуінен көрінеді. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ізденушімен қорғауға ұсынылған тұжырымдарда айқындалған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі **нәтижелері мен қорытындылары:**

1. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудегі процестік ережелерді нақтылау мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының **Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолдану мәселелері туралы** нормативтік қаулысын қабылдауды ұсынамыз.

2. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық сот ісін жүргізу жалпы және арнайы қағидаттардың негізінде қазақстандық және халықаралық құқықтың нормаларына сүйене отырып азаматтық істерді қарау мен шешуді іске асыратын халықаралық процестің бір бөлігі. Зерттеу нәтижесінде шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешудің арнайы қағидаттары қайта қаралып, қалыптастырылды. Мұндай

қағидаттар ретінде: процестік әрекеттердің реттілігі қағидаты; шетелдік тұлғаларды заңдастыру қағидаты; шетелдік дәлелдемелерді заңдастыру қағидаты; шетелдерде жасалған сенімхаттарды заңдастыру қағидаты, шет елдерде жасалған соттық келісімдерді заңдастыру қағидаты; шетелде жасалған процестік әрекеттерді заңдастыру қағидаты; шетелдік соттардың шешімдерінің заңдастыру қағидаты.

3. Азаматтық сот өндірісіндегі шетелдік тұлғалардың авторлық классификациясы ұсынылды. Оған сәйкес шетелдік тұлғалар: а) жеке тұлғалар – шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, босқындар; ә) шетелдік ұйымдар – шетелдік заңды тұлғалар мен заңды тұлға құруды қажет етпейтін ұйымдар; б) шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар жатады.

4. Қолданыстағы заңнаманың ***қазақ*** және ***орыс тілдеріндегі*** нұсқаларын ***бірізділендіру*** және де ***іске қатысушы субъектілердің*** құрамын ***жалпы атауда толық*** айқындау мақсатында ҚР АПК 5-тарауының атауын қазақ тіліндегі нұсқасында **Іске қатысатын тұлғалар** деген атаумен өзгертуді ұсынамыз.

5. Шетелдік элементпен күрделенген азаматтық істерді қарауда босқындар категориясының мәртебесін айқындау мақсатында ҚР АПК 473-бабының 1-тармағына Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен **босқындардың** азаматтық процеске қабілеттілігі олардың жеке заңымен айқындалады деген ***өзгеріс*** енгізіп, осы бапты 4-1тармақпен ***толықтыруды*** ұсынамыз. 4-1-тармақты келесідей редакцияда ұсынамыз: **4-1. Босқындардың жеке заңы – ол оның тұрғылықты тұратын жері бар мемлекеттің заңы, бұлай болмаған жағдайда оның пана сұраған мемлекетінің заңы жеке заңы деп есептеледі.**

6. Азаматтық құқықтық қатынастардың тең қатысушысы ретінде мемлекеттің, соның ішінде шет мемлекеттердің азаматтық дау туындаған жағдайда іске қатысушы ретіндегі азаматтық процестік тұлғасы анықтала түсуі тиіс. Теориялық зерттеулердің нәтижесінде абсолютті және функционалдық иммунитеттен бөлек, **шектеулі соттық иммунитет** ұғымының белгілері анықталып негізделді. Зерттеу нәтижесінде ҚР АПК сәйкес **шет мемлекеттер шектеулі соттық иммунитетті иеленеді** деген тұжырым негізделді. Шет мемлекеттердің шектеулі иммунитетін нақтылай түсу мақсатында **Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеті туралы** заң қабылдауды ұсынамыз.

7. Шетелдік жазбаша дәлелдемелерді бағалау мен тану дәлелдеудің маңызды элементтерінің бірі. Жазбаша дәлелдемелер ретінде актілер, құжаттардан бөлек, іскерлік және жеке сипаттағы хаттар да танылады. Шетелдіктердің қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізуде ресми емес сипаттағы құжаттарды (іскерлік және жеке сипаттағы хаттар) заңдастырудың жалпыға ортақ тәртібін бекіту қажет. Осыған байланысты, ҚР АПК-нің 100-бабын 7-тармақпен толықтыру қажет деп санаймыз, онда шетел мемлекетінде алынған құжат, егер оның түпнұсқалылығы теріске шығарылмаса және ол белгіленген тәртіппен заңдастырылған болса, сотта жазбаша дәлелдеме ретінде танылатыны көзделуі тиіс.

ҚР АПК 100-бабына ***толықтыруды*** біздің редакцияда ұсынамыз: **100-бап. Жазбаша дәлелдемелер 7. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген реттерде шет мемлекетте жасалған ресми және ресми емес құжаттар апостиль қою жолымен куаландырылғанан кейін сотта жазбаша дәлелдеме ретінде танылады.**

8. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешуде шет мемлекет соттарымен шығарылған шешімдерді тану процесі маңызды. Осы себепті, мұндай процестің мазмұны зерттеліп, нақты тұжырымдар жасалды. Шетелдік сот шешімін тану дегеніміз ұсынылған шешімді оның анықтылығы, қатыстылығы, жарамдылығы және жеткіліктілігі тұрғысынан бағаланып заңдастыру қағидаты негізінде оның заңды күшін анықтау деген тұжырым қалыптасты.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы алынған нәтижелер шетелдік тұлғалардың азаматтық сот өндірісіне қатысуының ерекшеліктеріне байланысты проблемалық сұрақтарды толықтай қамтитындығында көрінеді. Бұдан бөлек осы диссертациядағы берілген қорытындылар мен ұсыныстар шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот тәжірибесін одан әрі ілгерілетуге ықпал етеді. Диссертация материалдары «Азаматтық іс жүргізу құқығы», «Халықаралық жеке құқық» пәндерін өткізу үшін оқу-әдістемелік материалдарды даярлауда қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының базасында орындалып, талқылаудан өтті. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары ғылыми басылымдарда 8 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 4 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 3 мақала ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарында және өзге басылымдарда жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, теориялық және практикалық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берді. Жұмыс кіріспеден, негізгі мазмұнды қамтитын 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.